

11 мамыр Аналар күні мерекесі

Тәрбиеші Құрметті аналар, әжелер сіздерді әйел жанымен байланысты тамаша көктем мерекесі – 8 Наурызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алғашқы көктем мерекесі Жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды, сымбатты, мейірімді жандарға арналғаны қандай тамаша мереке! Өлемдегі ең асыл жан ол – Ана десек, жүрегімізде сүйікті жанға деген махаббат сезімі оянады. Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан – ақ бірінші сөзін «Ана» деп айтады. Өмірдің есігін ашқаннан соң осы өмірдегі өзіңнің жан анадан көресің. Осы бір «АНА» деген үш әріптің аясында адамзат баласын қуаныш сыйлар қаншалықты қасиет бар десеңші!

Ару — ана, Ару — асыл жар, Ару – көңілдің гүлі, Ару — өмірдің жыры, тіпті айта берсең сөз жетпейді. Олай болса, бүгінгі аналарға, әжелерімізге арналған «Жұлдыздар» тобының бүлдіршіндерінің «Ана — аса қымбат жан!» ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Тәрбиеші:

Той пердесін ашайық,
Тойға шашу шашайық.
Аналарды құрметтеп,
Ән маржанын шашайық.

Хор: «Ақ маман»

Тәрбиеші:

«Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзы да жібітеді» — демекші, балаларымыздың аналарына арнаған такпақтарын қабыл алыңыздар!

Алишах

Анам болса қасымда
Басқа бақыт не керек.
Анашымның жүрегі,
Мейірімді ғой керемет

Аянұр

Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар,